

Ақкөл аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № С 43 - 3 "Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 қарашадағы № С -10/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 желтоқсанда № 3516 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 1 шілдедегі № С 48-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 01.07.2015 № С 48-9 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. «Ақкөл аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № С 43-3 «Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-3-163 тіркелген, 2011 жылғы 4 қарашада аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінде:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. Тұрғын үй көмегі – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақкөл ауданының аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) :

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалған ш ы ғ ы с т а р ы н ;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына;

жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.»;

2 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«2. Тұрғын үй көмегі жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқан отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынғаны үшін, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына шама шегіндегі жұмсалған шығыстарына төленген сомасының және отбасының осы мақсаттарға жұмсалған шығыстарының шекті ұйғарымды деңгейінің арасындағы айырмасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынғаны үшін, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына жұмсалған шығыстары үшін отбасының бір айдағы шекті ұйғарымды деңгейінің шығыстары отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне 15 пайыз көлемінде белгіленеді.

Тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған төлемақысы белгіленген шамадан артық болғанда, жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.»;

3 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«3. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй аумағы бір адамға

18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 шаршы метрден аспайтын мөлшерде қабылданады.

Коммуналдық қызметтердің өтемақы мөлшерлері шектелген шамалардан артық емес мөлшерінде, газбен қамтамасыз еткені үшін бір адамға бір айда 4 килограммнан, бірақ отбасыны алғанда 16 килограммнан немесе 2 баллоннан артық емес, сумен қамтамасыз еткені үшін және канализацияға бір адамға бір айда 2,5 шаршы метрден артық емес, үй жанындағы жер телімін суару бір айда бір жүздікке 3 шаршы метрден артық емес, электр қуатымен қамтамасыз еткені үшін санауыштың көрсеткіштері бойынша, бірақ бір адамға бір айда 100 киловаттан және отбасыға 200 киловаттан артық емес мөлшерінде бекітілсін.

Қатты отынды пайдаланғаны үшін өтемақы жергілікті жылуы бар үйлер үшін пайдалы ауданының 1 шаршы метрге 83 килограмм мөлшерінде (қазан айы мен сәуір айы аралығындағы жылу беру мерзіміне), бірақ отбасыға 5 тоннадан көп емес мөлшерінде бекітілсін. Көмір бағасын өткен тоқсанда жинақталған санақ мәліметтері бойынша орташа бағасымен алынсын.

Тұрғын үй көмегін есептегенде көмірді мерзімдік сатып алуына байланысты, қатты отын шығындарының өтемақы мөлшерлері шегінде жылу беру мерзімі кезеңінде өтініш берген тоқсанның үш айына жылына бір рет ескеріледі.

Тұрғын үй көмегін есептегенде шығын мөлшері мен жергілікті жылу беру үшін қолданылатын басқа отын түрінің бағасын шығынның эквиваленттік мөлшеріне және көмірдің құнына есептелінсін.»;

6 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«Тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі өтінішті үй иесі, үйді жалға алушы (қосымша жалдаушысы) мына құжаттарды қоса тапсырады:

- 1) өтініш берген азаматтың жеке куәлік құжатының көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқығы барын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы, немесе ауылдық (селолық) әкімнің анықтамасы), немесе азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) отбасының өткен тоқсандағы табысын растайтын құжаттары;
- 5) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған келісім шарттың көшірмесі (қалалық телекоммуникация желісінің абонентіне);
- 6) өткен тоқсандағы коммуналдық қызметтері үшін төлем шоттары (түбіртектер), ал орталық жылу болған жағдайда ағымдағы жылу беру мерзіміне жылу беру бойынша қызметтерді ұсыну туралы келісім шарттың көшірмесі;
- 7) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге (кондоминиум объектінің жалпы мүлкінің күрделі жөндегені үшін өтемақыны алуға құқығы бар отбасыларға) арналған мақсатты жарнаның көлемі туралы шоты;

8) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоты;

9) тұрғын үйді қолданғаны үшін жергілікті атқарушы органы ұсынатын жалгерлік төлемақының көлемі туралы шоты;

10) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге арналған түбіртектөр - шоттар .

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады. Жауапты тұлға құжаттарды қабылдаған сәтте ұсынылған көшірмелерді құжаттардың түпнұсқасымен салыстырады және салыстыруды өткізгеннен соң түпнұсқаларды қайтарады . » ;

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Ақкөл аудандық мәслихат</i>
	<i>Г.Нұрова</i>
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Ақкөл аудандық</i>
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>	<i>Ж.Салыбекова</i>
<i>міндетін атқарушы</i>	<i>Ақкөл ауданы әкімінің</i>
	<i>А.К.Кривицкий</i>